

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_136

**ТӘШЕНЕВ ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ****Болтаева Сая Жанатовна^{1*}**¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан*Автор-корреспондент
E-mail: saya.boltaeva@narхоз.kz

Түйіндеме. Мақала белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтың қоғамдық, саяси тұлғасына арналады. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның жағдайы, Орталық билік Мәскеудің озбырлық саясаты сипатталады. Қайраткер тұлғаның болмысы арқылы сол уақыттағы қоғамдық қатынастардың дамуы мен әлеуметтік шиеленістік кезеңдер көрсетілген. Заң жүзінде одақтас республикалар болып саналған он бес елдің тағдыры тек орталықтан шешіліп отырды. Олардың саяси еркі ғана емес, территориялық тұтастығы да болған жоқ. Орталық жымсық саясаты арқылы осы елдердің тарихи жерлерінің шекараларын өзгертіп, өз дегенін жүргізіп отырды. Осындай озбырлыққа қарсы шығып, туған елінің жерін сақтап қалған сол кездегі үкімет басшысы Жұмабек Тәшенев тұлғасы осы мақаланың негізгі түйіні.

Жұмабек Тәшенев республиканың рухани өміріне де үлкен ықпал еткен тұлға. Мақалада осы жәйттер толық сараланып, жүйеленіп ұсынылады. Оның қайраткер тұлғасы отан тарихы үшін өткеннің жарқын бейнесі болса, болашақ үшін өрлік пен рухтың, ұлттық идеологияның негізі болуы тиіс.

Кілт сөздер: қайраткер, территория, ұлттық мүдде, отаншылдық рух, шовинизм, орталық билік, тәуелсіздік, ұлттық идеология, шекара, ұлтжандылық.

МРНТИ 03.20.00

**ТАШЕНЕВ ЖУМАБЕК АХМЕТОВИЧ- ВЕДУЩИЙ ПОЛИТИЧЕСКИЙ
ДЕЯТЕЛЬ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА****Болтаева Сая Жанатовна^{1*}**¹Университет Нархоз, Алматы, Казахстан*Автор-корреспондент
E-mail: saya.boltaeva@narхоз.kz

Аннотация. Статья посвящена общественной, политической личности известного государственного и общественного деятеля Ташенева Жумабека Ахметовича. Состояние Казахстана в советский период, его центральная власть характеризуется политикой произвола Москвы. Через сущность личности деятеля обозначены периоды развития общественных отношений и социальной напряженности того времени. Судьба пятнадцати стран, которые по закону считались союзными республиками, решалась только централизованно. У них не было не только политической воли, но и территориальной целостности. Центр проводил свою политику, меняя границы исторических земель этих стран. Главный узел этой статьи- личность тогдашнего главы правительства Жумабека Ташенева, который выступил против такого произвола и сохранил Родину.

Жумабек Ташенев-человек, оказавший большое влияние и на духовную жизнь республики. В статье данные моменты представляются полностью дифференцированными и систематизированными. Его личность должна стать ярким воплощением прошлого для истории Отечества, основой роста и духа для будущего, национальной идеологии.

Ключевые слова: деятель, территория, национальные интересы, патриотический дух, шовинизм, Центр, независимость, национальная идеология, граница, патриотизм.

IRSTI 03.20.00

**TASHENEV ZHUMABEK AKHMETOVICH- LEADING POLITICAL FIGURE
OF SOVIET KAZAKHSTAN****Boltayeva Saya Zhanatovna^{1*}**¹Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

*Author Correspondent

E-mail: saya.boltaeva@narxoz.kz

Abstract. The article is devoted to public, political personality of the famous statesman and public figure Tashenev Zhumabek Akhmetovich. The situation of Kazakhstan in the Soviet period, the central government is characterized by the arbitrariness of Moscow. Through the essence of personality, the stages of the development of social relations and social tension of that time are indicated. The fate of fifteen countries, which are legally considered Union republics, was decided only centrally. They lacked not only political will, but also territorial integrity. The Center pursued its policy by changing the borders of the historical lands of these countries. The main node of this article is the personality of the head of Kazakhstani government Zhumabek Tashenev, who opposed such arbitrariness and preserved his Homeland.

Zhumabek Tashenev is a man who has had a huge impact on the spiritual life of the republic. In the article, these points seem to be completely differentiated and systematized. His personality should become a vivid embodiment of the past for the history of the Fatherland, the basis of growth and spirit for the future and national ideology.

Key words: figure, territory, national interests, patriotic spirit, chauvinism independence, national ideology, borders, patriotism.

Кіріспе. Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, өзіндік даму жолына түскен елімізде атқарылып жатқан игі істер аз емес. Осындай маңызды қадамдар руханият, тарих, әдебиет пен мәдениетте көптеп кездеседі. Бұл тарихи тұрғыдан заңдылық әрі әділетті қадам. Ұзақ жыл отарлық қанауға ұшырап, өзге елдің ықпалында болған отанымыз үшін тарихи әділдікті орнатып, бірегейлік сана қалыптастыру аса маңызды. Дербес ел болып, жеке шаңырақ көтерген еліміз отыз жылдық тәуелсіздік кезеңінде осы бағытқа айрықша басымдылық беріп отырғаны да сондықтан. Тәуелсіздікті нығайту, территориялық тұтастығымызды сақтау, ұлттың мүддесін қорғау секілді ізгілікті істер қай кезеңде болса да аса маңызды әрі басты міндет. Талай «тар жол тайғақ кешуден» өткен халқымыз, «мың өліп, мың тірілсе де» рухы мен тілін, отаны мен туған жерін аман сақтап қалды. Осы жолда талай ерлер мен қайраткерлер өз өмірлері мен тағдырларын арнап, тіпті жандарын қиған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында осы тарихи құндылықтар мәселесі басты назарға алынады: Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басамыз. Осы жолда жұртымызға, ең алдымен, ауызбіршілік керек. Ақыл мен сабыр, парасат пен ұстамдылық қажет. Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз. Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына қалайда жетеді, деп атап өтті (Тоқаев, 2022).

Отаншылдық пен ерлік істің үлгісіне айналған тарихи тұлғалар тарихымызда аз емес. Осындай халқы үшін басын бөйгеге тіккен нар тұлғалы азаматтардың бірі әрі бірегейі Жұмабек Ахметұлы Тәшенев (1915-1986). Мақала Кеңес одағы кезінде Оңтүстіктің жерлерін Өзбекстанға, солтүстіктің жерін Ресейге қосуға қарсы шығып, аянбай күрескен, қайраткер Жұмабек Ташенев өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне ғылыми талдау болып табылады.

Материалдар мен әдістер: Жиырма бірінші ғасыр тарихында қазақ халқы дербес әрі тәуелсіз мемлекет ретінде танылды. Бұған дейін талай шапқыншылық пен алпауыт елдердің отаршылдық қамыты мойынға түссе де, өз болмысы мен аумақтық тұтастығын сақтап, халқының бірлігі бұзылмаған ел болуымыз шынымен де аса үлкен жетістік. Біздің мақаламызға өзек болып отырған Жұмабек Тәшенев елінің болашағы үшін басын бөйгеге тігіп, жерінің тұтастығына ықпал еткен тарихи тұлға. Кеңес Одағы кезінде үкімет басқарып, өз жерінің бүтіндігі үшін күрескен тұлғаның еңбегі енді ғана жарыққа шығып, халқымен қауышуда. Ел ерін енді ғана танып, бағалауда. Бұл тәуелсіздігіміздің, тарихқа жаңаша көзқарастың қалыптасып отырғандығының арқасында қол жеткен жетістік. Бұл ұлттық санамыздың жаңғыртып, тарихи танымыздың артқандығының көрінісі. Жұмабек Тәшеневтың өмір жолы мен саяси қызметіне талдау жасау әрі сабақ қазіргі ұрпақ үшін ғибратты іс. Осындай қайраткер тұлғаларға, тарихи тұрғыдан дәл шынайы бағасын беру қазіргі тарихтың басты міндеттерінің бірі. Осындай қайсар да батыл азаматтардың ерлігі, олардың ұлтын, туған жерін құрметтейтін қасиеттері жастар үшін өнеге әрі

патриоттық тәрбие негізі болуы тиіс. Сондықтан мақаламыздың негізгі өзегі болып отырған тарихи тұлға ғылыми зерттеу нысаны болуға лайықты, жалпы қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

Талқылау: Біздің зерттеп отырған тақырыбымыз негізінен Қазақстан тәуелсіздігін алған соң ғана кең көлемде зерттеліп, өзекті тақырып болды. Бұған дейін Жұмабек Тәшенев есімі халық арасында ғана аталып, оның ерлік істері мен батылдығы елі ішінде ғана айтылатын. Өйткені оның қайраткерлігі Кеңес Одағының саясатына оң келмеді. Тәуелсіздік алған соң Тәшенев тұлғасы қоғамдық дәрежеге көтерілді. Мемлекет тарихы институтының редакциясымен «Ұлы Дала тұлғалары» сериясы бойынша арнайы зерттеу еңбек жарыққа шықты. Сейітқали Дүйсен мен Қанат Еңсенов атты ғалымдардың ізденуі нәтижесінде «Жұмабек Тәшенев» атты ғылыми еңбек халыққа ұсынылды. Бұл Тәшенев жайлы жасалған алғашқы кең көлемді еңбек. Әрине бұған дейін баспасөзде және түрлі басылымдарда естеліктер мен мақалалар жарыққа шыққан, алайда ғылыми талдап мемлекет есебінен халыққа ұсынылған туынды осы болды. Жұмабек Ахметұлының өмірін зерттеп, тарихи тұлғасын халыққа танытқан жазушылардың бірі тарихшы Кәрішал Асан Ата. Ол тарихи тұлға туралы кең көлемді зерттеу жүргізіп, замандастарының, қызметтес болған адамдардың естеліктерін жарыққа шығарды. Профессор С. Кенжебаевтың, академиктер С. Қирабаевтың, Х. Арыстанбековтің, генерал С. Нұрмағанбет секілді азаматтардың естеліктерін халыққа жеткізді. Жалпы, Тәшеневтың болмысы мен оның іс-әрекеттері ғылыми әдебиеттерде тәуелсіздіктен кейін жүйелі түрде зерттеле бастады. Мұндай кеш зерттеу жүргізу бір жағынан өкінішті жәйт, сонымен қатар оның өзектілігінің жоғары болуы да осы көп зерттелмеуі себебінен болса керек.

Нәтижелер: Жұмабек Тәшеневтың қоғамдық-саяси қызметін жаңаша тарихи көзқарас тұрғысынан зерделеп, нақты тарихи фактілер тұрғысынан зерттеу – осы ғылыми танымдық мақаланың өзегі болмақ. Әрине қайраткер туралы зерттеу еңбектер мен әртүрлі мақалалар, кітаптар көптеп жарыққа шықса да бұл тарихи тұрғыдан аздық етеді. Өйткені оның ұлттық болмысы мен тұлғасы, өзіндік ерекшеліктері әлі де өзекті әрі ауқымды зерттеу жүргізуді талап етеді. Қайраткердің тұлғалық өмір жолын ғылыми зерттеуде басымдылық берілетін негізгі екі бағыт бар. Ол тарих және болашақ үшін. Тарихи бағытта оның саяси әрі қоғамдық қызметіне баға беріледі. Ал болашақ бағыты бойынша оның тұлғасы арқылы жастарды тәрбиелеуге басты үлгі болмақ. Өйткені, қоғамда әсіресе қарапайым халық арасында Тәшеневтің беделі оның абыройы өте жоғары, тіпті аңызға айналған тұлға десек қателеспейміз. Қазіргідей жер мен ел тағдыры күрделі кезеңде осы қайраткердің болмысын мемлекеттік идеология бағытына айналдыру өте қажетті қадам болар еді.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев 1915 жылғы 7 наурызда Ақмола өңіріне қарасты Ақмола үйезінің Танакөл ауылында дүниеге келген. Қайраткердің туған жері Танакөл ауылы (№ 7 ауыл), дүниеге келген жылы - 20 наурыз 1915 жыл екенін тарихшы ғалымдар, монография авторлары Сейітқали Дүйсен және Қанат Еңсенов анықтады (Дүйсен, Еңсенов, 2015:22).

Бұл қазақтың дәстүрлі қоғамдық құрылыс жүйесі ауысып, жаңа қоғам қалыптасып жатқан күрделі тарихи кезең еді. Ең алғаш Бабатай мектебінде сауат ашып, кейіннен Ақмолада оқыды. Ақмола теміржол-құрылыс техникумының азаматтық құрылыс бөліміне оқуға түсіп, арнайы мамандыққа ие болады. Бұл бір күрделі аса тартысқа толы, қиын уақыт болатын. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық қоғамдық қатынастар бұзылып, елі ішіндегі ауқатты адамдар айдауға түсіп, аштық орын алып, солақай саясаттың кесірінен қазақ халқы ауыр зардаптарды бастан өткерген болатын. Осындай күрделі кезеңде сауатты мамандар тапшылығы орын алып, оқуда жүрген бозбала еңбекке ерте араласады. Екінші курстан соң еңбекке араласып, қоғамдық-саяси жұмыстарды да атқара бастайды.

Ең әуелі, 1934 жылы Аққайың аудандық кеңесі атқару комитетінде хатшы болып еңбек жолын бастайды. Одан кейін Тайынша аудандық атком хатшысы, 1935–1936 жылдары Нұра ауданы жоспарлау бөлімінің бастығы, 1936–1938 жылдары Аршалы аудандық кеңесі аткомының хатшысы секілді жауапты қызметтер атқарады. 1938 жылы еңбекшілердің Қарағанды облыстық кеңесі атқару комитетінің референті болып, тәжірибесін шыңдады. Талапты жас маманды кейіннен Солтүстік Қазақстанға облыстық сауда бөліміндегі қоғамдық тамақтандыру бөлімінің бастығы қызметіне ауыстырады. Ал, 1939 жылы Бейнетқор (Совет) ауданындағы жер бөлімінің бастығы қызметіне жібереді. Коммунистік партия қатарына қабылданды. Жас маман қай жерде, қай салада жүрсе де жұмысты жолға қойып, өз біліктілігін көрсетіп отырды. Сол себепті оны ылғи да күрделі, қиын жерлерге ауыстырып отырды. 1942 жылы Қызылжар ауданындағы жер бөлімінің бастығы қызметін атқарып, 1943 жылы облыстық жер бөлімі бастығының орынбасары болады.

Ал 1944–1947 жылдары облыстық партия комитетінде мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, облыстық партия комитеті хатшысының орынбасары қызметтерінде өз біліктілігі мен білімін көрсетеді. Істің жөнін білетін, халықтың мұң-мұқтажын терең білетін Тәшеневты 1947 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметіне кейіннен 1948 жылы төраға лауазымына бекітеді. Жалындап тұрған жас талапты бұл қызметте де көп ұстамай, 1952 жылы Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалады. Осы жылдары жоғары партия мектебін сырттай оқып, саяси білімін жетілдіреді.

Ақтөбеде өз қабілеті мен қарымын көрсетіп, халықтың ықыласына бөленген қайраткер 1955 жылы республикадағы жоғары саяси басшылық қызметке келеді, яғни Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болып сайланды. Жұмабек Тәшеневтың нағыз жасындай жарқылдап, қырандай қалықтап, елі үшін елеулі еңбек еткен жылдары осы кезең болып саналады. Өйткені бұған дейін бар күш жігеріне негізінен шаруашылық, әлеуметтік бағыттарға салып, тұрмыстық мәселелерге бар уақытын жіберген қайраткердің алдынан үлкен мүмкіндіктер ашылды. Оның бар қабілетін, қарымын көрсетеін мүмкіндік туған еді. 1960 жылға дейін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы болған ол, бір жылдай Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметін де атқарды. Халық арасында қайраткер атанған азаматтың осы кезеңдерде атқарған істерді аса ауқымды бағыттарды қамтыды. Қазақстанның экономикалық әлеуеті артып, сан-салада жаңа кәсіпорындардың ашылуына, егін шаруашылығы мен ауыл шаруашылығының дамуына өз үлесін қосты. Үкімет басшысы ретінде ол тек шаруашылық немесе партиялық жетекші ғана емес руханияттың да жанашыры екенін дәлелдеді. Репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі республикалық комиссияның төрағасы кезінде, арыстардың адал есімдерін ақтау ісін белсенді жүргізді. Бұл жолда да өзінің өткір мінезі мен өжет қимылына басып, өрелі істің ұйытқысы болады. Илияс, Бейімбет, Мағжанның шығармаларын жарыққа шығартты. Әлі толық ақталмаған Мағжан Жұмабаевтың жарына Алматыдан үй бергізеді. Бұл сол кезеңдерде үлкен ерлік пен қайсарлықты талап ететін саяси қадамдар болатын. Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаевтың батыр атақтарын алуына күш салды, бірақ Мәскеу бұл шешімді қолдамады. Түйінді мәселенің шешімі ол кезеңде тек Мәскеудің ғана қолында болатын. Орталық мұндай ұлттық талаптарға аса ықыласты емес еді. Әрі республика басшылардың ұлттық мәселелерде белсенді болғанын қаламайтын. Шығармашылық өкілдерін қолдау үшін жаңа қадамдарды қолға алды. Оларға қаланың орталығынан пәтерлер бергізіп, әлеуметтік мәселелерін оң шешіп беріп отырды. Егер сол Кеңес кезінде ақын-жазушылар жақсы шығармалар жазып, кино мен театр саласы дамып, бейнелеу мен сурет өнері үлкен жетістіктерге жетсе бұл көрсеткішке Тәшеневтің да қосқан үлесі бар екені сөзсіз. Тіпті бүгінде Алматының көркі болып тұрған Абай ескерткішінің бой көтеруі мен қаладағы ең басты даңғылға ақынның атының берілуіне де осы қоғам қайраткері ықпал еткені тарихтан белгілі. Сол кезеңдегі Тәшенев қалдырған осы игілікті үрдіс қазір жалғасын тауып, еліміздегі қай елді мекен немесе қала болсын орталық көшелері мен даңғылдары міндетті түрде ұлы ақынның атымен аталатын дәстүр қалыптасты.

Жұмабек Ахметұлының ықпалымен қазақ тілді мерзімдік әдеби басылымдар мен қазақ тілді газеттер ұлттық мәртебелерін де сақтап қалды. Өйткені сол кезеңде ұлттық басылымдар орыс тілінің қосымшасы болуы қажет еді. Оның қоғам өмірінде маңызы жоқ деген сыңаржақ пікір белең алып, ол тіпті мемлекеттік саясатқа да айналған болатын. Ең сорақысы бұл солақай шешімді сол кездегі зиялы қауымның да көпшілігі тіпті қазақ газеттерінің редакторлары да қолдаған. Бұл ұлт үшін, республика үшін масқара жағдайлардың бірі еді. Осы жағдайды қаламгер Садықбек Адамбеков былай баяндайды: Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының 1958 жылғы 28-шілдедегі отырысында «Қазақ әдебиеті» газетін жабу туралы мәселе қойылды. Ұзын-ырғасы үш сағатқа созылған талқылау барысында Ж. Тәшенев ұлт тіліндегі газеттерді жабудың негізсіздігін қисынды дәлелдермен дәйектеп, бірнеше рет сөз сөйлеген (Адамбеков, 1991).

Бұл кезеңде қазақ даласының руханиятында ғана емес, қойнауында жойқын жарылыстар жасалып, сынақ өтіп жатқан. Семей жеріндегі ядролық сынаққа Жұмабек Тәшенев қарсы болған. Тіпті оның қызметтен кетуінің бір себебін де осы мәселенің әсері болды деп бағалайды. Белгілі ғалым Манаш Қозыбаев қайраткер туралы өз ойын былай білдіреді «... Ж. Тәшенев және басқа тұлғалар Қазақстан аумағында ядролық сынақтарға қарсы шығып, өктемдік құрбандарына айналды» деп көрсеткен (Козыбаев, 1990).

Жалпы қазақ тарихына тереңіне бойласақ, Ресейдің патшалық билігі далаға үстемдігін орнатқаннан бастап, қоғамда жер дауы басты орынға шыққанын көреміз. Бұрын өз ішінде билер кеңесі немесе ру басшылары арқылы дауды шешіп келген қазақ қоғамы патша шенеуніктерінің әділетсіз қысымына ұшырады. Отаршылдық саясат қазақ жеріне өз шеңгелін сала бастады. Бұл басқыншылық саясат кеңес кезінде де белсенді жүзеге асып отырды. Негізінен, Лениндік ұлт саясаты аз халықтардың мүддесін қорғауды әділетті жүргізудің негізгі қағидаттары болатын. Мысалы, осы қағида бойынша қалалардың қай халыққа тиесілі болуы, оларды айнала қоршаған халықтың экономикалық тыныс-тіршілігінің көзі әрі тартылыс орталығына айналуына байланысты анықталады делінген. Бұл дұрыс шешім болғанымен ол тек теория жүзінде ғана қалды, іс жүзінде жүзеге асқан жоқ. Қазақтың астанасы болған Орынбор қаласы түгелімен Ресейге кетті. Оңтүстіктегі қазақ жерлерінің біразы Өзбек еліне кетті. Мұндай астыртын саясат экономикалық мүдделерді желеу ету арқылы жүзеге асты. Оңтүстік мақталы аудан бұл кәсіпті өзбек ағайындар жақсы меңгерген, сондықтан ортақ отан үшін бірлесе жұмыс істеуді желеу етіп кейбір шектескен жерлер көршілердің аумағына берілді. Тіпті, бұл мәселе алғаш рет 1947 жылы Мәскеуде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінде республикалар басшыларының жиналысында көтерілген еді. Алайда, сол кездегі Қазақ үкіметінің төрағасы Нұртас Оңдасынов бұл мәселеге қарсылық білдіріп, тоқтатқан еді.

Қазақтың қайраткер азаматтары қанша қарсылық танытса да, ол кезде тізгін Мәскеудің қолында еді. Әрі олар қазақ жерінің ауқымдылығына, оның байлығына сұқ көздерін салуды тоқтатпады. Осы саясаттың нәтижесінде тарихи жерлеріміздің шекарасы қысқарып, ата қоныстың көлемі кеми бастады. Соғыстан соң Кеңес Одағы халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру жөнінде арнайы қаулы қабылдап, әкімшілік-аумақтық бөліністі дамыту мәселесін басты орынға қойды. Осыған орай Қазақстандағы бос жатқан жерлерді астықты аймаққа айналдырып, ол жерлерді Ресейге қосу жөнінде бастама көтеріледі, яғни тың игеру саясаты. 1947 жылы осы жоспарға сол кездегі Қазақ Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасынов қарсылық танытады. Республика басшылығы мұндай аса күрделі мәселені сол өңірді мекендеп отырған халықтың келісімі арқылы ғана жүзеге асыру қажеттілігін алға тартады. Ол орталық биліктің аталмыш желеуі патшалық заманнан басталған қазақ жерін алдамшы ұранмен отарлауды көздеген жаңа кезеңі болмағын айқын ұғып, солтүстіктегі қазақ облыстарының тағдырын осы жиналыс та, үкімет те емес, сол өңірлерді мекендейтін сан мыңдаған жергілікті халық шешетінін мәлімдейді. КСРО үкіметінің бұл жоспарлары уақытша тоқтап, тек республика басшысы Жұмабай Шаяхметов пен үкімет төрағасы Нұртас Оңдасынов қызметтерінен кетірілгеннен кейін қайта қолға алынады.

Жалпы қазақтың мүддесін қорғап, елінің жоғын жоқтаған Алаш арыстары секілді туған жер үшін күрес те Жұмабек Тәшеневтің тағдырына жазылып, өмірінің өзегіне айналды. Бұл күрес қайраткердің саяси мансабына кедергі болғанымен, оны туған халқының мәңгілік махаббатына бөледі. Көне тарих Жұмабек Тәшеневті қазақ халқының асыл текті ұлдарының қатарына қосты. Бұл әрбір қайраткердің маңдайына жазыла бермейтін бақыт әрі айрықша мәртебе.

Жалпы, сол кезеңдегі саяси-қоғамдық жағдайды саралап, тарихтың толқынына үңілсек, көп жағдайға көз жеткіземіз. Бұл уақыт Кеңес Одағының толық күшіне еніп, аузынан жалын шашып тұрған кезеңі еді. Коммунистер екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетіп, жарты әлемде билік жүргізіп, өз идеологияларын тарата бастады. Кеңес Одағы Азия мен Африканың бірқатар дамушы елдерін өз қатарларына тартып, қатарларын көбейте бастады. Әлемде қырғи-қабақ соғыс орнады. Коммунистік елдер үшін капиталистік қоғам іріп-шіріген, әлемге қауіп төндіріп отырған жауыз ретінде сипатталды. Халық арасында ең әділ, ең дұрыс қоғам тек қана социалистік елдерде ғана деген түсінік қалыптасты. Кеңес Одағында шексіз билікке қол жеткізіп, елді жеке-дара басқарып отырған коммунистік партияның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған заман орнады. Сыртқы әлем коммунистік және капиталистік жүйеге бөлінді. Кеңес елі темір шымылдықпен қоршалып, сыртқы әлеммен байланыс толық үзілді. Шет елдік ақпаратқа тиым салынды. Баспасөз тек коммунистердің сөзін сөйлеп, социалистік қоғамның жетістіктерін ғана жазды. Шығармашылық адамдары Кеңес Одағының саясатын жырлап, тек соны ғана үлгі етті. Өзгеше ойлайтын немесе жеке дербес басқаруды талап еткен көзі ашық адамдар сенімсіздер қатарына жатқызылып, түрмелерге жабылды. Ұлттық республикаларда билік болмады, олар толығымен тек Мәскеуге бағынышты болды. Ел байлығы орталықтың қазынасына құйылды. Республикалардағы бірінші басшыны тек орталық сайлады, басшылық қызметтерде негізінен өзге ұлт өкілдері қызмет атқарды. Тіл шұбарланды, дінге тиым салынды. Ұлттық балабақшалар, мектептер жабылды. Сол кезеңде Қазақстанның астанасы Алматыда қазақ тілінде оқытатын мектеп болмады. Кейін зиялы қауымдардың араласуымен бір қана қазақ мектебі ашылды. Бұл ақылға сымайтын сұмдық жағдай, яғни таза отаршылдық саясат болды. Бір сөзбен айтқанда, Кеңес Одағының құрамындағы елдер толық отарланып, коммунистердің боданына айналды. Өзінің қол астындағы елдердің экономикалық-саяси, рухани-әлеуметтік мәселелерін қалағанынша шешіп отырған Мәскеу енді олардың территорияларына да қол салды. Осындай озбыр саясаттан ең көп зардап шеккен Қазақ жері болды. 1955 жылы Өзбекстан мақта көлемін ұлғайтуды желеу етіп, Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданын алуға әрекет етеді. Бұл мәселеге Мәскеу келісімін берді, өйткені мұндай күрделі іс тек солардың қолдауымен ғана жүзеге асатыны белгілі. Қазақтың жерін өзге республикаға беру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Орталық саяси қулыққа салып бұл мәселені шешуді Қазақстанның өзіне қалдырып, арнайы комиссия құрылады. Осы арнайы комиссияға Тәшенев төрағалық етеді. Мәскеудің нұсқауын мұқият зерттеп, зерделеген комиссия бұл ұсыныстың тиімсіздігін анықтап, өз шешімдерін шығарады: «Бостандық ауданының жері мал өсіруге ыңғайлы, құрылыс материалдарын өндіруге, су-энергетикалық қоры мол, қорғасын, көмір және машина жасау өндірістерінің жұмыскерлері демалатын санаторийлер ұйымдастыруға өте қолайлы. Сондықтан бұл ауданды Өзбекстанға беруді қолайсыз санаймыз» деген шешім шығарады (Дүкенбаева, 2012).

Үкіметтік комиссияның бұл қорытындысына ҚКП ОК Бюросы қарсылық танытпайды. Тіпті қолдағандай әсер болады.

Комиссия шешімі 1955 жылдың 1 маусымында Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Брежневке жіберіледі. Л.И. Брежнев комиссияның қорытындысына қарсы келмеді. Қайта қолдау білдіріп, «Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмесін» деген қаулы қабылдайды (Арыстанбеков, 2005:8). Бір қарағанда бұл мәселе халықаралық талаптарға сай әділ шешілгендей әсер қалдырады. Алайда бұл алдамшы сыртқы көрініс қана болатын. Өйткені теріс саясат ұстанып отырған орталық билік бәрібір өз дегенін орындады. Осының нәтижесінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1956 жылғы

21 қаңтарда Бостандық ауданы мен Бетпақдаланың біраз жерін Өзбек республикасына беру жөнінде қаулы қабылдайды. Ал, 1963 жылы оңтүстіктегі тағы үш ауданды өзбек республикасының құрамына беріледі. Осылай, қазақтың қайран жерлері өзге елдің қанжығасында кетті. Сан ғасырдан бері халықтың ырысы болған, ата-бабаларымыз көшіп-қонып, жаз жайлауы күз қыстауы болған шұрайлы жерлер басқаға берілді. Бұл Кеңес Одағының қазақ халқына жасаған жауыз саясатының нақты көрінісі. Одақ басшыларының бұл шешіміне жалпы халық, ұлт қайраткерлері наразы болғанымен, қоғамның пікірі есепке алынбады. Жалпы ол кезеңде халықтың сөзі, ұлттың үні деген құндылықтар мүлдем есепке алынбайтын. Барлық әрекет жоспарлы түрде, саясаттың өктемдігімен орындалатын. Осылай, сол кездегі Кеңестік солақай саясат қазақ халқының тарихына қиянат жасайды. Мұндай әділетсіздік бұдан кейін жүйелі жалғасып отырды.

Қазақ жерін жырымдап, өзге елдің еншісіне берген Мәскеудегі коммунистік билік енді Кеңес халқын астықпен қамтамасыз етеміз деген ұранмен тың және тыңайған жер бағдарламасын қолға алынады. Бұл теріс саясат та тек Қазақ жеріне қатысты шара еді. Қазақстанның ұлан-ғайыр кең даласы орталықтың түрлі тәжірбие алаңы мен бағдарламалары жүсеге асатын аймаққа айналды. Семей өңірі тажал шашатын сынақ алаңы болды. Ядролық қарулардың сынағы Шыңғыстау жерінің қасиетін қашырып, Дегелең тауындағы тіршіліктің тамырына балта шапты. Абайдай данышпанды өмірге әкелген жер, сынақ алаңына айналып, әлемдегі ең қатерлі радиациялық нысанның ошағына айналды. Шығыстың жерін у мен радиацияға толтырған орталық қазақтың солтүстігіне көз тікті. Ғасырлар бойы құнарлы мал жайылымы болған, шұрайлы жерлерді астықты өлкеге айналдыру бағдарламасы қабылданды. Осыған орай Қазақ жерінің солтүстігіне Одақтың түпкір-түпкірінен еріктілер және бас бостандығынан айырылғандар көптеп тартылып, қызу жұмыс қолға алынды. Халық арасына үгіт насихат жұмысы қызу жүрді. Оған республикадағы ақпарат құралдары да үн қосып, аса белсенділік танытты. Тың игеру ерлік істің қатарына жатқызылды. Кеңес елінің насихаттық саясаты үлкен бағдарламалар мен ауқымды істерді қашанда ерлік ретінде насихаттап, халықтың санасына әсер ету болды. Мысалы, Сібірді игеру, онда темір жол салу секілді істер де одақ көлемінде насихатталып, оған жалпы халықты жұмылдырып отырды. Мұндай насихатқа ең бірінші өмір көрмеген, тәжірбиелері аз жастар тартылатын. Себебі сол кездегі саясат халық арасында отан үшін басын бөйгеге тігу, ортақ іске жеке басын құрбан етуді ерлік ретінде сипаттады. Сол кездегі саясат әр салада бір-бір «қаһармандарды» қолдан жасап, олардың ерліктері мен өмір жолдарын барлық жерде насихаттады. Бұл сол кездегі идеологияның ең басты өзегі болды. Осындай қолдан жасалған «қаһармандар» мен олардың ерліктері, жастардың санасына ерекше әсер етті. Жастар соларға ұқсауға талпынды, солар секілді ерлік істер жасауға ұмтылды. Қазақ жерінің солтүстігіне осындай ерлік істерді армандаған еріктілер мен Одақтың әр қиырындағы түрмелерден шығарылған сан мыңдаған тың игерушілер ағылып келеді. Әрине, осындай мыңдаған адамдар арасында шын ниетімен еңбек етуді қалағандары да, жеке бас пайдасын іздегендері де көп болды. Тың өлкесі деген аймақ құрылып, оны Мәскеу тікелей өз бақылауына алды. Тың өлкесіне басшылыққа Мәскеуден тағайындаған өкілетті адамдар бұйрықты орталықтан алып жергілікті ұлтты, Қазақстанның басшыларын елемейтін жағдайға да жетті. Келімсектер арасында шовинистік көзқарас үстемдік құрды. Жергілікті халық пен тың игеруге келгендер арасында түрлі түсініспеушіліктер мен қақтығыстар да жиі орын алып отырды. Өйткені, шеттен келгендер қазақ халқын құрметтеп, оларды өз деңгейінде бағаламады. Бұл сол кездегі саясаттың салдары еді. Қазақ халқы өз жерінде азшылыққа ұшырады, жергілікті халықтың мүддесі қорғалмады, оның тілі мен салт-дәстүрі жойыла бастады. Кеңестер Одағының басшысы Никита Хрущевтың «Орыс тілін неғұрлым тез үйренсек, коммунизмге тез жетеміз» деген солақай сөзі отқа май құйғандай болды. Солтүстікте қазақ тіліндегі балабақшалар мен мектептер ашылмады, барларының өзі жабылды. Қазақ тіліне сұраныс болмады, сол себепті ол екінші деңгейдегі қатынас құралына айналды. Қазақ тілді мамандар қызметке тартылмады, әрі олардың біліктілігі тиісті деңгейде бағаланбады. Тың игеру қазақ халқына, қазақ жеріне қандай жетістік пен даму немесе зардап пен зиян әкелді ол арнайы кешенді зерттеуді қажет ететін тақырып.

Әрине тың игеру, астық өндіру Одақ көлемінде экономикалық тұрғыдан тиімді болған шығар. Бірақ ол қазақ халқының бірегейлігіне кері әсер етіп, рухани тұрғыдан дағдарысқа ұшырауына себеп болды. Мұның зардабы тәуелсіз ел болғанымызға отыз жыл болса да, әлі күнге дейін байқалуда. Солтүстіктегі жергілікті халық санының аздығы мен ана тіліміздің мүшкіл жағдайы осының нақты дәлелі. Сонымен қоса жоспарсыз, жүйесіз жер жырту, ғасырлар бойы қалыптасқан экожүйені бұзу, табиғатқа орасан зор зиян әкелді. Жердің берекесі қашты, жайқалған құнарлы шөптер тамырымен жойылып, өзен-сулар тартылды. Аң-құс азайып өзен-көлдердегі балықтардың тұқымы жойылды. Жалпы, экологияға келген апат жеке зерттеуді қажет ететін аса күрделі тақырып. Қазірше тың және тыңайған жерлерден табиғатқа келген зиянды зерттеген күрделі еңбектер жоққа тән. Елде орын алған осындай бассыздық пен солақай саясатқа төзбеген Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж. Тәшенев 1960 жылғы күзде тың өлкесінің орталығы Целиноградқа барып, тың өлкесін Мәскеудің жеке дара басқаруына наразылығын

білдіреді. Ұлтының адал перзенті Жұмабек Тәшенев КСРО басшысы Никита Хрущевтің Тың өлкесін Ресейге қосу жөніндегі ұсынысына батыл қарсылық танытады.

Ол Республиканың жоспарлау комитетіне қажетті мәліметтерді әдейі бермей отырған эмиссарды, Республика басшылығын бұдан былай да мойындамайтын болса, қызметінен босататынын айтады. Тың өлкесін тікелей Қазақстан билігі ғана басқаруға қақылы екенін мәлімдейді.

Ұлтының адал перзенті Жұмабек Тәшенев КСРО басшысы Никита Хрущевтің Тың өлкесін Ресейге беру жөніндегі ұсынысына да қарсылығын білдіреді. Конституцияны басшылыққа алып, жерге қатысты маңызды шешім Қазақстан халқының келісімімен ғана жүзеге асуы керек, егер олай болмаса онда халықаралық ұйымдарға жүгінетінін қасқайып тұрып айтып салады. Бұл сөз ол кезде көзсіз ерлік болатын. Қайраткердің сол кезде айтқан сөздерін тарих былай таңбалайды:

«Мен Ақмолада туылғанмын. Он екі жыл Солтүстік Қазақстанда жұмыс істедім. Менің ата-анам мен олардың әке-шешелері және біздің барлық ата-бабаларымыз осы жерде жерленген. Енді сіз сол жерді Ресейге бермекпісіз? Жолдастар, ойланыңыздар, қай қазақ бұнымен келіспек?! Ойланыңыздар жолдастар! Мысалы мен бұл мәселенің қарастырылуына ғана емес, тіпті күн тәртібіне қойылуына мүлде қарсымын! Бұған шамданып қалған Хрущев «КСРО біртұтас мемлекет, сондықтан қай республикаға қандай жерді беру керектігін біз сізден Тәшенев сұрамай-ақ шеше аламыз» дегенде: «Олай болса бұл КСРО Конституциясына қарсы шыққандарыңыз. Ал онда әрбір республиканың аумағы оның бұлжымас меншігі делінген. Егер Конституцияның бұл талабы ерескел бұзылатын болса, біз халықаралық ұйымдардың араласуын сұрауға қақымыз бар», - деп Тәшенев тойтарып тастайды. Ондай қарсыластық күтпеген Хрущев тек қана кешкі ойланғаннан таңертең ойланған тиімдірек деп айтты, себебі жиналыс Ақмолада кешке өткізілген болатын. Таңертең ол Шортанды аудан орталығына демалуға кетеді, ал бір айдан соң Ж. Тәшеневты оның жоғарғы лауазымынан босатып, Шымкенттің (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) Облсполкомы төрағасының орынбасары етіп жіберді (Кәрішал Асан Ата, 2004:53-55).

Қылышынан қан тамып, жарты әлемге үстемдігін жүргізіп отырған империя басшысына мұндай қарсылық таныту тіпті сұмдық жағдай болатын. Бұл жерде қызметіне, жеке басына ғана емес, тіпті тұқым-тұяғыңды құртып жіберетін жағдай орын алып отыр. Бұндай ерлікке бару үшін адамда қандай жігер, қандай жүрек, қандай күш болуы керек. Бұл нағыз батырлық, ерекше ерлік іс еді. Қайраткердің ел тағдыры мен жер тағдырына байланысты істерде мұндай батыл қадамдары аз емес. Ол қашанда жеке басының пайдасын емес, лауазымын емес халықтың мүддесін жоғары қойды. Қандай да болмасын күрделі кезеңде жауапкершілікті өз мойнына алып, күрделі шешім қабылдайтын. Жеке басының, қызметінің рахатын ойламай елі үшін қатерге бас тіккен Жұмабек Тәшенев алаш арыстарының жалғасы деп баға берсек артық болмас. Бүгінде Қазақстан дербес ел болып, әлемде жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алып отырғаны осы Жұмабек Тәшеневтің де өлшеусіз ерлігінің арқасы. Біздің бұл мақаламыздың басты түйіні де, осы бір ерлік әрі саяси күш-жігерге толы қадамның негізінде болуда. Арыстан жүрек азаматтың бұл ерлігі қазақ халқының болмысын, жерін, елін сақтаған қаһармандығының айқын көрінісі. Әрі кейінгі ұрпаққа тастап кеткен аманаты.

Белгілі ғалым Б. Ермұқанов өз мақаласында: «Бағымызға қарай, осы сәтте Хрущевтің буынсыз жерге пышақ салған ұсынысына өжет басшы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Ж. Тәшенев батыл қарсы шықты. Ақыры Одақ басшысының бұл даурықпа дәмгөйлік пиғылы жүзеге аспай қалды» (Дүйсен, Еңсенов, 2012:138).

Әрине, Қазақстан үкіметі басшысынан бұл қарсылығын Хрущев кешіре алмады.

Құрамына Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Қазақстанның Шымкент облысы басшылары енген Орта Азия бюросы құрылды. «Хрущевтің күллі жымьсық ойы осыдан кейін тайға таңба басқандай айқын болып еді. Ол болашақта республика арасындағы шекараларды жою жөніндегі өз идеясын қалайда тезірек жүзеге асырмақ», – деп Д. Қонаев пікірін білдірді (Қонаев, 1994:210-211).

1961 жылы 6 қаңтарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының жабық отырысы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасы Ж.А. Тәшеневті «жұмысын атқара алмағандықтан» орнынан босату керек деген шешім шығарып орнынан алады. Қайраткер азаматтың сағын сындырмақ болған билік оның лауазымын төмендетіп, Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметіне жібереді. Алайда басты мақсаты лауазым емес, отанына, еліне адал болу керек деген ұстанымдағы азамат бұл жерде де аса абыройлы қызмет атқарып, елдің сүйіспеншілігіне бөленеді. Өңірдің көркеюіне күш-қайратын жұмсап, 1975 жылы зейнетке шығады. Демалысқа шыққан соң ғылыммен айналысып, шығармашылыққа ден қояды.

Әрине, сол кезеңде Республикада қол жеткен жетістіктерге тек Жұмабек Тәшеневтің ғана еңбегі десек артық бағалау болар. Мемлекет басшылары болған Жұмабай Шаяхметов, Нұртас Оңдасынов, Дінмұхаммед Қонаев секілді тұлғалардың да еңбектері өлшеусіз болды. Өйткені қанша дегенмен бұл қайраткерлер елдің бірінші басшылары болып, стратегиялық дамудың негізін салып отырды. Бірлесе іс атқарды, өзара қолдау көрсетті. Тәшеневтың шешімдерін қолдады, артық кеткен тұстарын түзеп отырды.

Жалпы замандастарының, көз көргендердің пікірінше Жұмабек Тәшенев қызуқанды, сынды ауыр қабылдайтын адам болған, бірақ қайтымы тез болған көрінеді. Яғни, алды кең азамат болған.

«Әрине, жұмыс болған соң кемшіліксіз болмайды. Ж.А. Тәшенев осы облысты мінсіз басқарды, ешқандай қателік, кемшілік болмады, тек қана табыстарға жетуден тұрды деуден аулақпыз. Облыстық, республикалық жиындарда бұл қайраткердің атына кемшіліктер, талай сындар да айтылды. Мәселен, 1955 жылы облыстық партия активі жиналысында коммунист П.Г. Коломойцевтің «Ж. Тәшенев кейде сынға төзбейді» деген пікірін Жұмабек Ахметұлы мойындаған», - деп көрсетеді (Дүйсен, Еңсенев, 2015:77).

Елі үшін еңбек еткен асыл тұлғаның артында қалдырған ерлігінің нәтижесі тәуелсіздік игілігіне қызмет кетіп келеді. Бұл қайраткердің өмір жолы мен ұстанған қадамының дұрыстығының дәлелі. Қазақстанды сақтап қалған, елін дамытып, отанын сүйген ұлы жүрек 1986 жылы соғуын тоқтатты. Қайраткер тұлғаның бар өмірі күрескерлік ерлікпен, солақай саясатқа қарсылықпен өтті. Осындай тар жол тайғақ кешуден өткен адал ұлына халық «Шынжырдағы жолбарыс» деген бағасын берді. Жалпы, кешегі кеңес кезінде ноктаға сыймаған асыл азаматтың тағдыры мен қоғамдық-саяси қызметі осылай қалыптасты.

Қорытынды. Қай кезең, қай заманда болса да ел үшін еткен еңбек, төккен тер босқа кетпейтіні анық. Халық бәріне төреші.

Кешегі кеңестік кезеңде бар күш-жігері мен қайратын туған халқының, отанының өркендеуіне жұмсаған Жұмабек Тәшенев бүгінде нағыз халық батыры дәрежесіне көтерілген. Бұл тарихи әділеттіліктің орнауы. Шындықтың үстемдік құруы. Коммунистік жүйеде өмір сүріп, сол кездің тәрбиесін көрсе де ұлттық рухын жоғалтпаған қайраткердің болмысы ерекше. Себебі, сол кезеңде миллиондаған адамдар коммунистік жүйеге шын беріліп, коммунизм елесіне құлай сенгені белгілі. Тіпті билік өкілдері ғана емес, руханият, шығармашылық тұлғалар да бар өмірлерін, өнерлерін осы жүйеге арнады. Осындай кезеңде үкімет басқарып отырып, ұлттық мүддені қорғау, атамекенді сақтау деген ерліктің асқан үлгісі. Сондықтан да біз үшін Тәшенев тұлғасы тарихтың биігінде тұруы тиіс ғажайып биіктік. Жұмабек Тәшенев туралы қаншама ғылыми еңбектер жазылып, қаншама зерттеулер жазылса да көптік етпейді. Өйткені, ол қазақ елі мен жері тұрғанда өзектілігін жоғалтпайтын тақырып. Қайраткер тұлғасы отан тарихы үшін өткеннің жарқын бейнесі болса, болашақ үшін алдыңғы ұрпақ үшін ерлік пен өрліктің, рухтың белгісі болуы тиіс. Мемлекеттік идеологияның бір бағыты болуы қажет. Ұлттық идеологиямыз осындай рухы жоғары, табанды тұлғалар тағылымы арқылы ғана құнды болмақ.

Әдебиеттер тізімі

Адамбеков Садықбек. «Қайта соққан боран – замандастарым жайлы» атты мақаласы («Қазақ әдебиеті» газеті, № 32, 10-11 бб., 09.08.1991), 20 б.

Арыстанбеков. Х. Елім, жерім деп өмір сүрген нар тұлға // Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. Алматы, «Білім», 2005, 145 б.

Дүйсен С. Еңсенев Қ. Жұмабек Тәшенев. Алматы. «Литера–М» 2012, 320-бет; С. Дүйсенев. «Сіз бізге қарсы емессіз, сіз өз күйіңізді күйттейсіз» Аты аңызға айналған тұлға. URL: <http://www.namys.kz>. (қаралған күні: 05.04.2022).

Дүкенбаева З.О. Қайсар қайраткер Жұмабек Тәшенев. BAQ.KZ; 2013. <http://old.baq.kz/kk/news/zhazushilar/kaisar-kairatker-zhumabek-tashenev-136>

Көрішал Асан Ата «Шынжырда өткен Жолбарыс...» А.: «Үш қиян», 2004. 408 бет.

Козыбаев М. Мақала «Факт – аргумент истории», «Казахстанская правда» газеті, 1-2 б. 1990 ж. 12 қаңтар. 6 б.

Қонаев Д.А. "Ақиқаттан аттауға болмайды". Естелік-эссе. А.: "Санат". 1994, 235 б.

Сейітқали Дүйсен мен Қанат Еңсеневтың «Ұлы Дала тұлғалары» сериясы бойынша жарық көрген «Жұмабек Тәшенев» атты ғылыми зерттеу еңбектері. «Елтаным» баспасы. 2015. 160 б.

Сейітқали Дүйсен және Қанат Еңсенев. «Қазақтың қайсар қайраткері - Жұмабек Тәшенев». Алматы: «Елтаным» баспасы. 2015, 158 б.

Тоқаев Қ.-Ж. К. 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жаңғыру жолы» атты жолдауы [Электронный ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (қаралған күні: 04.04.2022).

References

Adambekov S. «Gaita soggan boran – zamandastarym zhaily» [The storm that struck again is about my contemporaries] atty magalasy («Kazak adebiyeti» gazety, № 32, 10-11 bb. 09.08.1991). 20 b. [In Kazakh]

Arystanbekov. H. Elim, zherim dep omir surgen nar tyлга [He is a person who lived as my country] // Zhūmabek Tashenov turaly estelikter. Almaty, «Bilim», 2005. 145-b. [In Kazakh]

Dukenbaeva Z.O. Gaisar gairatker Zhūmabek Tashenov[Heroic figure Zhumabek Tashenev]. BAQ.KZ; 2013. <http://old.baq.kz/kk/news/zhazushilar/kaisar-kairatker-zhumabek-tashenev-136> [In Kazakh]

Kozybayev M. Makala «fakt – argument istorii» [Fact is the argument of history], «Kazachstanskaya pravda» gazetі. 1-2 m. 1990. 12 kantar. 6 b. [In Kazakh]

Karishal Asan Ata «Shynzhyrda otken Zholbarys...» ["The Tiger in Chains ..."] A.: «Ush giyan», 408 b. 2004. [In Kazakh]

Duisen S., Ensenov G. Zhūmabek Tashenov [Tashenev Zhumabek]. Almaty. «Litera–M» 2012, 138-b.

Duisen S. «Siz bisge garsy emessuz, siz oz kuiunisdi kuitteisiz» Aty anysğa ainalған tulğa. URL: <http://www.namys.kz>. (garalған kuni: 05.04.2022). [In Kazakh]

Duisen Seitgali zhane Ensenovtyn Ganat «Ulu Dala tulğalary» ["Persons of the Great Steppe"] seriyasy boiynzha zharyk korgen «Zhūmabek Tashenov» atty ğylymi zertteu enbekteri. «Eltanym» baspasy. 2015 zh. 160 b. [In Kazakh]

Duisen Seitgali zhane Ensenov Ganat. «Zhūmabek Tashenov» [Tashenev Zhumabek]. Almaty: «Eltanym» baspasy. 2015. 158 b.

Kunaev D.A. "Akikattan attauğa bolmaidy" [The truth cannot be ignored]. Estelik-esse. A.: "Sanat". 1994, 235 b. [In Kazakh]

Tokaev G.-Zh. K. 2022 jylgy16 nauryzdagy Kazakstan halkyna arnağan «Jana Kazakstan: zhanaru men zhangyru joly» atty zholdauy.[Address of Kassym-Jomart Kemelovich to the people of Kazakhstan dated March 16, 2022 "New Kazakhstan: the way of renewal and modernization"] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (garalған kuni: 04.04.2022). [In Kazakh]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_144

**1964-1985 жж. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ:
КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША**

Сактаганова З.Г.¹, Ыбырайхан М.Ы.^{2*}

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: zauresh63@mail.ru (Сактаганова), marat_19.93@inbox.ru (Ыбырайхан)

Түйіндеме. Бұл мақалада Орталық Қазақстанның тоқырау кезеңіндегі ауыл шаруашылығындағы еңбек барысындағы күнделікті өмірі зерттелген. 1964-1985 жж. қазақстандық аграрлық сектордағы еңбек ресурстары: ауыл шаруашылығы жұмыскерлері мен білікті мамандардың жетіспеушілігі проблемаларына талдау жүргізілді. Зерттеу аймақта тұратын ауыл тұрғындары арасында автор жүргізген ауызша интервью материалдары мен мұрағаттық құжаттардың негізінде жүзеге асырылды. Ауылдық жерлерден жастардың кетуі кеңес заманында басталып, сақталып, тіпті кеңейіп, ел тәуелсіздік алған кезде қоғам дамуына әсер еткен негізгі проблемалардың біріне айналды. Еңбек ресурстарын жастармен қамтамасыз етудегі қиындықтардың бастауы 60-80 жылдардағы кеңестік кезеңнен бастау алады деп есептей отырып, басты міндет-осы проблемалардың себеп-салдарлық байланыстарын, реформалардың аграрлық саладағы еңбекпен қамтамасыз етілуге әсерін, нәтижелері мен салдарын анықтау. Авторлардың пікірінше, ауыл шаруашылығындағы төмен деңгейдегі интенсификация мен еңбек жағдайлары (механизацияның болмауы/төмен деңгейі, материалдық қызығушылықтың болмауы, кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерінің төмендігі және т.б.) жастардың кетуіне, соның салдарынан мамандар мен қызметкерлердің жетіспеуіне әкелді. Зерттелген кезеңде ауылдық жерлердегі халықтың демографиялық өсуі жоғары болғанына қарамастан, саладағы кемшіліктерге байланысты мамандар мен жұмысшылардың тапшылығы әрдайым өзекті және шешілмеген мәселе болып қала берді.

Кілт сөздер. Күнделікті өмір, Орталық Қазақстан, еңбеккер, ауыл шаруашылығы, шопан, механизатор, сауыншы

**МАЗМҰНЫ
CONTENTS
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Белтенев Ж. М.
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

Асымова Д.Б.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
MEDIEVAL HISTORY
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

Ошан Ж.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

Aubakirova K.K., Taiman S.T.
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

Дүйсебаева А.И.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
SOVIET PERIOD HISTORY
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

Гривенная Л.А.
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

Мусагалиева А.С.
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

Исенов О.И., Купенов Б.К.
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

Төлентаева К.А. ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
Болтаева С.Ж. ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
Борбасов С.М. АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА	
Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
Найманбаев Б.Р. ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ	
Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А. САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
Хабдулина М.К., Ғайса А.М. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
Оразбаева А.И. ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР
REVIEW
РЕЦЕНЗИЯ**

Аканов К.Г.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ
ANNIVERSARY
ЮБИЛЕЙ**

АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ239